# Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын нығайту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 6 наурыздағы N 183

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Д.К. Ахметовтың "Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы" есебін тыңдап және талқылап, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің "Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы" есебі назарға алынсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысын дағдарыстан шығарудың жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 6 наурыздағы
N 183 қаулысымен
бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысын дағдарыстан шығарудың

ЖОСПАРЫ

| N | Қойылған мәселелер | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Өнеркәсіп | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | "Қазақстан темір жолы" РМК жылжымалы құрамның жабдықтар, босалқы бөлшектерге және заводтық жөндеуге деген сұранысын айқындау, облыс әкімімен бірлесіп ұзақ мерзімдік негіздегі ынтымақтастық туралы бағдарлама әзірлеу | Шарт жасасу |
| 2. | Облыстық қаржы басқармасының "ЗИКСТО", "ЗИМ", "ПЗТМ", "ПЗЭИМ", "Киров атындағы завод" акционерлік қоғамдарына қатысты міндеттемелерін атқаруына байланысты директивалық несиелер бойынша процент. терді есептен шығару туралы Үкімет қаулысының жобасын енгізу | Қазақстан Республика. сы Үкіметінің қаулысы |
| 3. | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлі. гінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті, облыстардың әкімдері республикалық баспасөзде конкурс туралы ақпарат жариялай отырып, жылудың жұмсалуын (ұжымдық), судың жұмсалуын (жеке), газдың жұмсалуын (тұрмыстық) есептейтін аспаптарды сатып алу жөнінде конкурс ұйымдастырылсын | Қазақстан Республикасы. ның Үкіметіне, Қазақстан Республикасы. ның Қаржы министрлігіне ақпарат |
| 4. | Медетші банк "Тыныс" АҚ жөніндегі санация жоспарының орындалуының аяқталуын қарасын | Медетші банк кеңесінің шешімі |
| 5. | Кәсіпорынның есеп айырысуына сәйкес сомаларды бөлу арқылы, "Тыныс" АҚ-ның қоймаларында сақтаулы арнаулы бұйым. дарды беру немесе жою мәселелерін қарау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 6. | "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы облыс әкімімен бірлесіп "ЗИКСТО" АҚ-ның металконструкцияларын жасау және оларды сыртқы ортаның (теңіз суының) бүлдіру | Шарт |

| | | |
|---|---|---|
| | әсерімен қорғау жөніндегі жұмыс тәжірибелерін ескере отырып, "Мұнай-газ кешенін 2000 жылға дейінгі дамытудың" әзірленген бағдарламасының шеңберінде мұнай жабдығының өндірісіне тапсырыстар орналастырудың мүмкіндігін қарасын | |

Энергетика

| | | |
|---|---|---|
| 7. | 1996-1997 жылдардың ішінде пайда болған кредиторлық және дебиторлық берешектерге қайта құрылымдау жүргізу | |
| 8. | Қаржыминінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен "KEGOC" АҚ арасында "Солтүстік Қазақстан электр желісін бөлу компаниясы" АҚ-ның акцияларының мемлекеттік пакетін басқаруға беру туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісілген шарт жасау | Шарт |

Жер қойнауын пайдалану

| | | |
|---|---|---|
| 9. | Солтүстік Қазақстан облысын перспективалық объектілер бойынша нарықтық экономиканың жағдайлары үшін пайдалы қазбалардың кондициялары мен қорларын қайта бағалауға жыл сайын қаражат бөле отырып геология саласын дамыту стратегиясының басымдықтарына қатарына кіргізу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 10. | Сырымбетті және Құмдыкөл алмас кен орындарының жер қойнауларын пайдалану құқығына конкурстар өткізуді жеделдету | Конкурстың (тендердің) хаттамасы |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Халықты және шаруашылықтарды сумен қамтамасыз етудің бағдарламасын әзірлеу және облыс экономикасын дамытудың әлеуеті ескере отырып оның орындалуын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| | Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру | |
| 12. | Мемлекеттік Медетші банктің басқаруынан "ПЗТМ" АҚ акцияларының мемлекеттік пакетін қайтарып алу, аумақтық мемлекет.тік мүлік және жекешелендіру аумақтық комитетіне қайта ұйымдастыру рәсімдерін өткізу құқын беру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 13. | "ЗИКСТО" акционерлік қоғамын мемлекеттік кәсіпорын етіп құру бөлігінде "ҚОРҒАУ" ұлттық акционерлік қоғамын қайта ұйым. дастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 мамырдағы N 603 қаулысын тоқтатуға қою. Қорғаныс министрлігі 1998 жылдың 20 наурызына қарай, арнайы техно.логияларды жөндеу жөніндегі басты мердігер ретінде "ЗИКСТО" акционерлік қоғамында орналастырылған жұмыстардың көлемін айқындасын | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 14. | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министр.лігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетінен "ЗИМ" АҚ-ның акцияларының мемлекеттік пакеті қайтарылсын, ол жарғы қоры кемітілмей және сеніп басқаруға беру жөнінде инвестициялық тендер ұйымдас.тырылмай бөліктеу жүргізу үшін иелік ету құқымен аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне берілсін | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |

| | | |
|---|---|---|
| 15. | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлі. гінің Мемлекеттік мүлік және жекешелен. діру департаменті кейін сатып алу құқымен 5 жыл мерзімге сеніп басқаруға беру жөнінде инвестициялық тендер өткізу үшін иелік ету құқымен "Киров атындағы завод ӨБ" және "ПЗЭИМ" АҚ-ның акция. ларының мемлекеттік пакеттерін Солтүстік Қазақстан аумақтық комитетіне берсін | Шешім |
| 16. | "КӨКШЕ" АҚ-ның акцияларының мемлекеттік пакеті инвестициялық тендерде сату үшін берілсін | Шешім |
| 17. | "Прибор жасау заводы" АҚ-ның акциялары. ның мемлекеттік пакетін материалдарды дайындауды жеделдету және банкроттық рәсімін өткізу мақсатында "Кәсіпорын. дарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" АҚ-на беру | Бұл да |
| 18. | Облыс әкімі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп оларды өнеркәсіп кәсіпорындарын қайта құрылымдау жоспарымен үйлестіріп Солтүстік Қазақстан облысы өнеркәсібін дамытудың басым бағыттарын айқындасын | Бағдарлама |

Халықты әлеуметтік қорғау

| | | |
|---|---|---|
| 19. | Облыстың әкімі 1996-1997 жылдарға арналған Ұлы Отан соғысына қатысушыларды санаториялық-курорттық емдеуге арналған шығыстар жөніндегі берешекті өтеудің мүмкіндіктерін қарасын | Шешім |

Бұқаралық ақпарат құралдары

| | | |
|---|---|---|
| 20. | "Қазақстан ҚРТ" каналдың аймақтық<br>студияларға арналған хабар тарату<br>кестелерін 18-00 сағаттан бастап емес,<br>19-00-ден 20-00 сағатқа дейін өзгертудің<br>мүмкіндігін зерделесін | Елдің бүкіл аумақта.<br>рындағы аймақтық<br>студиялар үшін хабар<br>таратудың кестелерін<br>өзгерту |

Құрылыс

| | | |
|---|---|---|
| 21. | Көкшетау қаласындағы РК-2 қазандықтың<br>1-ші кезегінің құрылысына 347 млн.теңге,<br>оның ішінде 1998 жылдың 1 жарты жылды.<br>ғында 170 млн.теңге; Сергеев су торабын<br>қайта жаңартуға 25 млн теңге; 1999<br>жылға арналған Көкшетау қаласындағы<br>қалдық суларды биологиялық тазарту<br>станциясының құрылысына қаражат бөлудің<br>мүмкіндігін қарасын | 1998 жылға арналған<br>инвестициялық<br>бағдарламаға кіргізу |

Экология

| | | |
|---|---|---|
| 22. | Қазақстан Республикасының Экология және<br>табиғи ресурстар министрлігі Республи.<br>калық табиғат қорғау қорынан:<br>- Көкшетау қаласындағы улы қалдықтар<br>полигонының бірінші кезегінің құрылысына<br>4 млн.теңге;<br>- Шучинск-Бурабай санаториялық сауықтыру<br>аймағының Воробьев-Қотыркөл канализа.<br>циясының құрылысына 5 млн.теңге бөлсін;<br>- Шучинск-Бурабай санаториялық-сауықтыру<br>аймағының экологиялық жағдайын сауықтыру<br>жөнінде ғылыми-практикалық ұсыным<br>әзірлесін | Шешім |

Агроөнеркәсіп кешені

| | | |
|---|---|---|
| 23. | Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры тендерлік негізде интенсивті технологияларды жаңарту үшін өсімдік қорғау құралдарын арзандатуды қамтамасыз етсін | Шешім |
| 24. | Асыл тұқымды мал шаруашылықтарына олардың ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Мемлекеттік қаржылық қолдау қорынан асыл тұқымды төлді ұстауды арзандатуға атаулы қолдау көрсету | Бұл да |
| 25. | Жер учаскелерінің кепілдігімен ипотека. лық несиелендірудің тәртібі мен жерді пайдалану құқығын әзірлеуді жеделдету | Несиелер берудің тәртібі |
| 26. | Облысқа 1998 жылға арналған лизингтік қаражат бөлуді көбейту | Шешім |
| 27. | Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры бірінші кезектегі тәртіппен екінші транштың қаражаты есебінен қаржыландыру желісі бойынша Солтүстік Қазақстан облысына АДБ бағдарламалық заемын ұсынудың жобасын қарасын | 17 млн.АҚШ долларына дейін қаржыландыру |
| 28. | Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті монопо. лияшы кәсіпорындардың тізбесін қайта қарасын және тауар өндірушілердің көрсеткен қызметтеріне арналған тарифтерді сәйкес келтірсін | Қаулы |
| 29. | "Азық-түлік корпорациясы" ЖҮАҚ тендерлік | Шарт |

| | | |
|---|---|---|
| | негізде Солтүстік Қазақстан облысының астық компаниялары арқылы мемлекеттің мұқтажы үшін астық сатып алуды қамтамасыз етсін | |
| 30. | Республика АӨК-нің ЛДГ-20 ұяқазғыштар, 2ПТС-6 тіркемелер, капуста жинаушы комбайндар шығаруға сұранысын айқын. дасын және оларды республикалық лизинг. тік бағдарламаға кіргізудің мүмкіндігін қарасын | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 31. | Мемлекеттік материалдық резервтерден алынған ЖЖМ (42,6 мың тонна дизельдік отын және 7,2 мың тонна бензин) үшін есеп айырысудың мерзімін 1998 жылдың аяғына дейін ауыстыру мәселесін шешсін | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шешімі |

Қаржы және экономика

| | | |
|---|---|---|
| 32. | Медициналық қызметтерге арналған тарифті орташа республикалық деңгейге дейін жеткізу үшін Қазақстан Республика. сы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорынан облыстық қорға 150 млн.теңге сомасында дотация бөлу | Шешім, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат |
| 33. | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ішкі істер жоғары әскери училищесін пайдалануға қосу жөніндегі жұмыстарды орындағаны үшін өзара есеп айырысуды қамтамасыз етсін | Шешім, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат |
| 34. | 1997 жылғы борыштарды реттеу мен облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 1 млрд. 500 млн.теңге сомасына мұнай өнімдері мен химиялық | Шешім, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат |

| | | |
|---|---|---|
| | өсімдіктерді қорғау құралдарын беруге арналып берілген кепілдікпен облыстық бюджетке экономикалық санкция қолдануды қарау | |
| 35. | Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі мен Қаржы министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының қорғаныс кешені кәсіпорындарының бағдарламаларын орындау үшін конверсиялық қаражат бөлуді көздесін | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы |
| 36. | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер басқармасын ұстауды және оның штатын облыстың 1998 жылға арналған бюджетінде бекітілген шығыстарға сәйкес келтірсін | Шешім, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат |

| Атқарушы | Атқарылу мерзімдері |
|---|---|
| 4 | 5 |
| **Өнеркәсіп** | |
| 1. Облыс әкімі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі | 1998 жылдың сәуірі |
| 2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | 1998 жылдың I тоқсаны |
| 3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі департаменті, | 1998 жылдың 2 тоқсаны |

| | |
|---|---|
| облыстардың әкімдері | |
| 4. Қазақстан Республикасының Медетші банкі | Медетші банктің жоспары бойынша |
| 5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қаржы министрлігі | 1998 жылдың I тоқсаны |
| 6. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы, облыс әкімі | Бағдарламаның мерзімдеріне сәйкес |

Энергетика

| | |
|---|---|
| 7. Облыстың әкімі, "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" АҚ | 1998 жылдың 1-тоқсаны |
| 8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті, "KEGOC" АҚ, облыстың әкімі | 1998 жылдың наурызы |

Жер қойнауын пайдалану

| | |
|---|---|
| 9. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Респуб. ликасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 10. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті | _"_ |

| | |
|---|---|
| 11. Облыстың әкімі, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1998 жылдың 1-шілдесіне дейін |

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру

| | |
|---|---|
| 12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 13. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 14. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнер. кәсібі комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министр. лігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 15. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті, Қорғаныс министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті | _"_ |
| 16. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті | 1998 жылдың 1 тоқсаны |

| | |
|---|---|
| 17. Бұл да | _"_ |
| 18. Облыс әкімі, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| **Халықты әлеуметтік қорғау** | |
| 19. Облыстың әкімі | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| **Бұқаралық ақпарат құралдары** | |
| 20. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| **Құрылыс** | |
| 21. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| **Экология** | |
| 22. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі | 1998 жылдың қазаны-қарашасы |

Агроөнеркәсіп кешені

| | |
|---|---|
| 23. Қазақстан Республикасының<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1998 жылдың 1 жарты<br>жылдығы |
| 24. Қазақстан Республикасының<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1998 жылы |
| 25. Қазақстан Республикасының<br>Стратегиялық жоспарлау және<br>реформалар жөніндегі агенттігі,<br>Қаржы министрлігі,<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1998 жылдың 2 тоқсаны |
| 26. Қазақстан Республикасының<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі | Тоқсан сайын |
| 27. Қазақстан Республикасының<br>Стратегиялық жоспарлау және<br>реформалар жөніндегі агенттігі,<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі | 1998 жылдың 1 сәуіріне<br>дейін |
| 28. Қазақстан Республикасының<br>Стратегиялық жоспарлау және<br>реформалар жөніндегі агенттігі.<br>нің Баға және монополияға қарсы<br>саясат жөніндег<br>і комитеті | 1998 жылдың 1 жарты<br>жылдығы |
| 29. "Азық-түлік корпорациясы" ЖҮАҚ | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 30. Қазақстан Республикасының<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі,<br>облыс әкімі, Қазақстан Республи.<br>касының Стратегиялық жоспарлау<br>және реформалар жөніндегі | 1998 жылдың наурызы |

| | |
|---|---|
| агенттігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі | |
| 31. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қаржы министрлі. гінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті, Ауыл шаруашылығы министрлігі | _"_ |

Қаржы және экономика

| | |
|---|---|
| 32. Қазақстан Республикасы Үкіметі. нің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры | 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін |
| 33. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 34. Облыс әкімі, Қазақстан Респуб. ликасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | 1998 жылдың наурызы |
| 35. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министр. лігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті | 1998 жылдың 1 тоқсаны |
| 36. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі | 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК